

«Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереженің 5-тарауына сәйкес:

5. Директорлар кеңесінің мүшелеріне шығыстар өтемақысы мен сыйақыларды төлеу тәртібі 24.

Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне, олардың өз міндеттерін орындауы кезеңінде Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруына байланысты сыйақы төленуі және (немесе) шығыстар өтелуі мүмкін.

Жалғыз акционердің өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелері, Қоғамның атқарушы органының басшысы Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысына қатысқаны үшін сыйақы алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақының мынадай түрлері белгіленуі мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесіне мүшелігі үшін тіркелген жылдық сыйақы;
- 2) Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы ретінде Директорлар кеңесінің комитетіне қатысқаны үшін тіркелген жылдық сыйақы;
- 3) Директорлар кеңесі комитетінің мүшесі ретінде Директорлар кеңесінің комитетіне қатысқаны үшін тіркелген жылдық сыйақы. Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, Қоғам қызметінің ауқымы, Даму стратегиясында айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Директорлар кеңесі қарайтын мәселелердің күрделілігі, жеке сектордың ұқсас компанияларындағы сыйақы деңгейі (бенчмаркинг, сыйақыларды шолу) назарға алынады.

25. Есептік кезең үшін сыйақы есептік кезеңде Директорлар кеңесінің / Директорлар кеңесі комитеттерінің барлық өткізілген күндізгі және сырттай отырыстарына тәуелсіз директордың қатысуына пропорционалды түрде төленеді.

Тәуелсіз директордың Директорлар кеңесінің/Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі және сырттай отырыстарына қатысу жағдайларының санын есептеу кезінде тәуелсіз директор болып:

- 1) белгіленген тәртіппен күн тәртібінің мәселелері бойынша өзінің жазбаша пікірін Корпоративтік хатшыға алдын ала жолдаған;

2) техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып (бейнеконференция сеансы, телефон конференцбайланыс режимінде және т.б.) Директорлар кеңесінің/Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі отырысында қаралатын мәселелер бойынша талқылауға және дауыс беруге қатысқан жағдайлар ескеріледі.

Сыйақы есепті кезеңнен кейінгі ай ішінде төленеді. Сыйақыны төлеу үшін Есепті кезең тоқсан немесе жартыжылдық болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес тәуелсіз директордың сыйақысы жеке тұлғаның табысы болып табылады және Қазақстан Республикасы Салық кодексінің талаптарына сәйкес салық салуға жатады

26. Тәуелсіз директорға Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырысына және өзге де Кеңестерге, оның ішінде тәуелсіз директордың тұрақты тұратын жерінен тыс өткізілетін кеңестерге шығуға байланысты мынадай шығыстар өтелуі мүмкін:

- 1) жол жүру (бизнес-класс тарифі деңгейі шегінде авиа ұшу);
- 2) осы Ережеде көзделген шектеулерді ескере отырып, тұру;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нормалар шегіндегі тәуелсіз шығыстар;
- 4) ұялы байланысты қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы телефон байланысы;
- 5) Қазақстан Республикасында сканерлеу, ксерокөшірме, факс, басып шығару, құжаттарды басу, Интернетке қол жеткізу қызметтері;
- б) курьерлік және пошта қызметінің қызметтері.

Көрсетілген шығыстарды өтеу растайтын құжаттарды ұсынған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген лимиттер шеңберінде нақты шығыстар бойынша жүргізіледі.

27. Тұру жөніндегі шығыстарды өтеу нақты шығындар бойынша, бірақ «люкс» класының бір орындық нөмірінің құнынан, оның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін растайтын құжаттарды ұсынған кезде брондау жөніндегі шығыстар бойынша осы шығыстар туындаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

28. Тәуелсіз директордың өкілеттігі тоқтатылған жағдайда төлеуге жататын төлемдер тәуелсіз директордың өкілеттігі тоқтатылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

29. Ерекше жағдайларда Ереженің 26 және 27-тармақтарында көрсетілген шығыстарды өтеу нормалары Жалғыз акционердің шешімімен қайта қаралуы мүмкін.

30. Сыйақы төлеу және шығыстар өтемақысы талаптары мен мөлшері, егер Жалғыз акционердің шешімімен өзгеше белгіленбесе немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоятын тәуелсіз директормен тиісті келісімде көрсетіледі (11-қосымша)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӘУЕЛСІЗ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Тәуелсіз директорларға Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдеріне сәйкес сыйақы төленеді. 2021 жылға Салық және басқа да міндетті төлемдерді есепке алғанда Қоғамның тәуелсіз директорларына есептелген сыйақының жалпы сомасы 29 млн теңгені құрады.